

# Ақынның өлімі

Мерт болды ақын, бықсық өсек  
Ар пендесін кетті жұлып:  
Кеудесінде оқ, шөлдетіп кек.  
Абзал басын иді сұлық.

\* \* \*

Көтермеді ақын жаны  
Ұсақ күңкіл маскарасын-,  
Көпке жалғыз шықты тағы.  
Озбыр қауым құртты басын

\* \* \*

Өлтірді оны!... О, не керек  
Жылау, сықтау, мақтау көкіп  
Ақтайсындар құр мінгірлеп,  
Дағдыр үкім қойды оқып!

\* \* \*

Оның еркін, әр дарынын  
Өздерінің еткен дертті,  
Қызық көріп желпіп бәрің  
Өршіктірдің сәл ғана өртті.

\* \* \*

Ал енді не? Болындар мәз.  
Төзе алмады қайран сабаз,  
О; данышпан шамдай сөнді,  
Сән-салтанат гүлі семді.

\* \* \*

Міз қақпады сұм жендеті,  
Санды соқты, амал бар ма!  
Селт етпеді пистолеті, —  
Қуыс жүрек қалтырар ма.

\* \* \*

Бұл не ғажап? Келген шеттен  
Көп қашқынның бірі еді ол;  
Дағдыр бізге душар еткен  
Бақ, шен аулап жүр еді ол

Күлгірсіп тек, көретін жек  
Тілімізді, салтымызды;  
Ол ішмерез кара жүрек  
Аясын ба даңқымызды.  
Қайда қарай көтерді қол, —  
Қанды әпсәтте сезетін бе ол.

\* \* \*

Өлді ақын, құшты қабыр,  
Ұқсап сонау шыршыға бір.  
Ақын өзі берген жырлап,  
Сүйкімді жан сол бір жұмбақ,  
Жемтігі боп қызғаныштың,  
Құрбаны боп ар-намыстың,  
Аяу білмес қатал қолдан  
Дәл осылай қаза болған.

\* \* \*

Тыныштық, рахат, достығы мол  
Кең ортада жүргенінде  
Неге ғана барды екен ол  
Күншіл қауым дүрмегіне;  
Гіл жалақор желбуазға  
Неге қолын берді екен ол.  
Жалған сөзге, құрмыйпазға?  
Неге ғана сенді екен ол  
Қандай жанның не ойы бар  
Аңғарушы ед қаршадайдан,  
Жан шошынар, ой тұншығар  
Сол ортаға барды қайдан?!

\* \* \*

Абройлы гүлін мұның  
Алып тастап өңшең зұлым,  
Нуға бөлеп тікенекті,  
Тәж кигізіп әуре етті.  
Зәрлі тікен білдірместен  
Абзал басты тандырды естен.

Жыртақ-жыртақ сұм надандар  
Улады оның ақырғысын;  
Өлді сабаз, не амал бар,  
Текке босқа қайрап тісін;  
Алданды үміт, бір құпия  
Өкініші қайнатты ішін.  
Ғажайып сыр өшті үні,  
Естіріміз бе енді мұны.  
Баспанасы бір тар қапас,  
Ауызда мөр үн шығартпас.

\* \* \*

О, сұмдардың сорлы ұрпағы,  
Жексұрын ед ата-бабан;  
Жапа көрген жұрттың бағын  
Тепкілеген қанды табан.  
Жалмауыз топ таң қоршаған,  
Жоқ не ары, жоқ беттері,  
Азаттықты тұмшалаған,  
Даңқ, данышпан жендеттері!  
Отырсындар, бүркеніп заң,  
Сот пен шындық тілін кесіп:  
Сот бар әлі, гіл бузылған!  
Тәңір соты кетпес кешіп.  
Қатал сот бар күткен алдан,  
Алтыныңмен ала алмайсың.  
Ісің, ойың мәлім оған,

Қылмысыңнан тана алмайсың.  
Оттарсындар, тайқып тайып,  
Пайдаға аспас енді оларың;  
Арам қанмен, өңшем залым,  
Кете алмассың жуып шайып,  
Қасиетті ақын жанын!  
Аударған **Қасым АМАНЖОЛОВ.**